22481934141

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 26 наурыз №4360-25-00-2/299 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Б.Еламановтың,
хатшылықта А.Үсенханқызы болып,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы аудио-бейнежазба қолданылған ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Самалбек Жаханшаевич Динисламов

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАП МӘЛІМДЕМЕЙТІН ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАП МӘЛІМДЕМЕЙТІН ЖАУАПКЕР ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«РЗА-Транс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілдері Р.Е.Бәкір, Б.Б.Бисенбаев
үшінші тұлға «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің өкілі Е.Баянбекұлы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен «Қазалы ауданы Майдакөл ауылдық округінің Бекарыстан би ауылы М.Күзембаев және

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 02.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 06.05.2025, судья Еламанов Н. Б., 11.05.2025
4360-25-3-1/235

Қ.Мәкенов көшелерінің автомобиль жолының асфальт жабынын шұңқырын жөндеу» жұмысына электрондық мемлекеттік сатып алу арқылы ашық конкурстар жарияланған.

Жауапкер жеке кәсіпкер Самалбек Жаханшаевич Динисламов конкурстарға қатысу үшін өзінің өтінімін ұсынған.

2025 жылғы 6 қаңтардағы қорытындылар туралы хаттамасы негізінде жауапкер жеңімпаз деп танылған.

Өзге әлеуетті өнім берушілер конкурс нәтижесімен келіспей, шағымында жауапкермен ұсынылған «ГАЗ 52-04» автокөлігінің eGov.kz порталы және aster.kz сайты арқылы тексеру барысында көліктің мемлекеттік тіркеу есебінде жоқ екендігі көрсеткен.

Тексеру нәтижесімен Қызылорда облысының Полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасының 2025 жылғы 10 қаңтардағы №5-54/362 жауап хатына сәйкес, мемлекеттік белгісі №497СВ «ГАЗ 52-04» (шасси: 985802) үлгісіндегі көлік құралының меншік иесі «РЗА-ТРАНС» ЖШС-нің атына 23.11.2010 жылы тіркеліп, 27.05.2021 жылы тіркеу есебінен шыққандығы анықталған.

2025 жылғы 16 қаңтардағы қорытынды туралы хаттама қайта қаралып өзге әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылған.

Осыған байланысты, талап қоюшы жауапкерді біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат берген үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа пікір ұсынбаған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілдері Р.Е.Бәкір, Б.Б.Бисенбаев талап қоюды қуаттап, талапты толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында үшінші тұлға «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің өкілі Е.Баянбекұлы даулы автокөлікке қатысты мәліметтерді бекітіп, шешім шығаруды сот құзырына қалдыратынын көрсетті.

Жауапкер және үшінші тұлға «РЗА-Транс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тиісті түрде сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарлана отырып, сот отырыстарына қосылмады, істі өздерінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыру туралы өтініштерін сотқа жолдамады, сондықтан сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-тармағына сәйкес, істі жауапкердің және бұл үшінші тұлғаның қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, біліктілік талаптары және (немесе)

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 02.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 06.05.2025, судья Еламанов Н. Б., 11.05.2025
4360-25-3-1/235

конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Заңның 2-бабының 1) тармақшасына сәйкес, анық емес ақпарат – әлеуетті өнім берушінің конкурсқа (аукционға) қатысуға арналған өтінімінде қамтылған, сол сияқты әлеуетті өнім берушінің берілген өтінімінің шынайы мазмұнын бұрмалайтын және шындығына сәйкес келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Жауапкер әлеуетті өнім беруші ретінде конкурстық құжаттаманың 4-қосымшасына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарды мұндай дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілікті өздеріне толық алатындығы туралы келісімін берген.

Әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтауы мүмкін.

Заңның 12-бабының 4-тармағының 1) тармақшасы бойынша 4. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі:

біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғандай, электрондық сатып алу ашық конкурс тәсілімен электрондық Веб-портал арқылы ұйымдастырушымен хабарландыру берілген. Конкурсқа 3 әлеуетті өнім берушілер қатысып, оның ішінде жауапкер жеңімпаз деп танылған.

Екінші хаттамаға сәйкес, жеңімпаз деп танылмаған.

Серіктестіктің конкурсқа қатысу барысында материалдық ресурстарға сәйкестігін растау мақсатында ұсынған жалға алынған техникаларының бұл жалға берушілердің меншігінде еместігі анықталған.

Талап қоюшы талап қоюдағы сілтеме жасаған мән-жайларын дәлелдеп, дәлелдеме құжаттарын ұсынса, жауапкер талап қоюдағы мән-жайларды жоққа шығаратын дәделдемелер ұсынбады.

Сот отырысында жауапкердің біліктілік талаптарына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергені дәлелденді.

Жоғарыда анықталған жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану талабы негізді.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2025 жылғы 28 қаңтарда жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 02.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 06.05.2025, судья Еламанов Н. Б., 11.05.2025

Сондықтан жауапкердің конкурсқа қатысу барысында анық емес ақпарат ұсынғандығы іс құжаттарымен өз дәлелін табуына байланысты талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Самалбек Жаханшаевич Динисламовты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Самалбек Жаханшаевич Динисламов анық емес ақпарат беруіне байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Самалбек Жаханшаевич Динисламовтан мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 02.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 06.05.2025, судья Еламанов Н. Б., 11.05.2025

4360-25-3-1/235